




ШЕКТЕУЛЕР МЕН ШАРЛАР НӘТИЖЕСІ

ҚАЗАҚСТАН ПАНДЕМИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ БОЙЫНША «САРЫ АЙМАҚТА». АЛ ЕЛОРДАДА COVID-19 АУРУЫ ҚАҢТАР АЙЫМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 33,8 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕДІ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ӨКІЛДЕРІ БҮЛ ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕКТЕУЛЕР МЕН ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА МҮМКІН БОЛДЫ ДЕЙДІ.



ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛЕГІ БІР

Қырғыз Президенті Садыр Жапаров Қазақстанға ресми сапармен келді. Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың президент ретінде алғашқы мемлекеттік сапарын Қазақстаннан бастағанының маңызы зор екенін атап өтті.

– Бұл – Қазақстанға деген үлкен құрмет. Сапарыңыздың ролі, мағынасы айрықша деп айтуға болады. Себебі бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынастарға үлкен серпін береді. Шын мәнінде сапарыңыздың бағдарламасы ауқымды. Сондықтан біз бүгін ең өзекті мәселелер бойынша пікір алмасамыз. Құдай қаласа, екі халықтың мүддесіне сай тиісті келісімдерге қол жеткіземіз деп

ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров бірлескен мәлімдеме жасады. 2021 жылғы 2-3 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров Қазақстан Республикасын-

да мемлекеттік сапармен болды. Достық пен сенім сипатында өткен келіссөздер барысында мемлекет басшылары стратегиялық әріптестік пен одақтастықты одан әрі нығайту келешегін талқылады, сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Президенттер Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының бауыр-

ластық және тату көршілік қарым-қатынастарын дамыту мен нығайтудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атқарған тарихи ролін, сондай-ақ, оның Орталық Азиядағы өңірлік кооперацияны дамытуға қосқан орасан зор үлесін айрықша атап өтті.

(Соңы 2-бетте)




Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ,
Мемлекет басшысы:

Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени күндерін өткізуге уағдаластық. Бішкекте Абайға, Нұр-Сұлтан қаласында Манас пен Шыңғыс Айтматовқа арналған ескерткіштер бой көтереді. Оған қоса бірегей тарихи мұраларымызды дәріптеу үшін күш-жігерімізді жұмылдыратын болдық.

«ASHYQ»-ҚА ЕСІК АШЫҚ

Бүгінгі таңда «Ashyq» мобильді қосымшасын елорданың 39 кәсіпкерлік субъектісі пайдаланады.

«Ashyq» қанатқақты жобасы өз жұмысында бірқатар фитнес-клубтарды, спа-орталықтарды, сауналарды және ресепшнші бар басқа да нысандарды пайдаланады. Жобаға қатысушылар ерікті болып саналады.



«Ashyq» қосымшасының бизнеске беретін артықшылықтары: – егер нысан орналасқан аймақ «қызыл аймақта» болса, оған «сары аймаққа» сәйкес шектеу критерийлері қолданылады; – егер «сары аймақ» болса, «жасыл аймаққа» сәйкес шектеу критерийлері қолданылады. «Ashyq» мобильді қосымшасы QR-кодты пайдалану және ПТР ортақ базасымен интеграциялану есебінен келушінің мәртебесін, яғни вирустың тасымалдаушысы болып саналатынын немесе саналмайтынын анықтауға мүмкіндік береді.

Мекемеге кіру үшін келуші өзінің смартфонна «Ashyq» мобильді қосымшасын жүктеп, телефон нөмірі бойынша авторизациялану, ЖСН енгізуі және өзінің келуін тіркеу үшін мекеменің QR-кодын сканерлеуі қажет. Сондай-ақ, шығу кезінде QR-кодын сканерлеу керек. Қызықтырған сұрақтарға жауап алу үшін @support_ashyq_bot телеграм-ботында техникалық қолдау қызметі іске қосылды.

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921–1922 жылдардағы нәубеттен бері арада 100 жыл өткенін, тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі жан-жақты зерттелмегенін атап өтті. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді мұқият зерделеу қажеттігін баса көрсетті. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілуі керектігін жазды. Осыған байланысты белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылдың зерттеуін ұсынамыз.

МЕКТЕПТЕРДЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Елордада санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуына байланысты 2 наурыздан бастап жалпы білім беретін мектептердің 1-5-сынып, сондай-ақ халықаралық мектептердің 1-7-сынып оқушыларын аралас форматта оқыту басталды.

6-8, 10-сынып оқушылары қашықтан білім алуды жалғастыра береді. Оқытылатын пәндердің 70 пайызы – штаттық режимде, 30 пайызы қашықтан өткізілетін болады.

Оқу кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін ауысымдар көбейтілді, яғни сабақтар сыныптар арасында түрлі уақытқа қойылады.

Мектептерде эпидорталық туралы анықтамалар талап етілмейді, алайда ішкі сүзгі мен дезинфекциялық іс-шаралар күшейтіледі.

Сонымен қатар, ерекше жағдайларда, ауру немесе науқастармен қарым-қатынас жағдайларында ата-аналардың өтініші бойынша балаларды қашықтан оқытуға рұқсат етіледі.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №24 (4148) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns for ID, Name, Gender, Date of Birth, and Description. It lists various individuals and their roles in government and military service.

